

# «Қазақстан барысында» қос балуанымыз жүлдегер атанды

25 қыркүйек 2012 | 16:09 | Спорт | Қаралған: 2434 | Пікірлер: 0



Бәрекедді! Ел Президентінің жүлдесі үшін өткен қазақ күресінен «Қазақстан барысы» додасында Шығыстың қос балуаны жүлделі орындарды жеңіп алып, мерейімізді тасытты. Осымен екінші жыл дәстүрлі түрде ұйымдастырылып отырған айтулы аламанда Үржар ауданының тумасы Шалқар Жоламанов күмістен алқа тақса, қасиетті Абай өңірінің мақтанышы Айбек Нұғымаров қола жүлдеге қол жеткізді.



Республиканың әр түкпірінен іріктеліп келген атан жілік, апайтөс 34 балуан Астана төрінде төселген боз кілемде кездесіп, «кім мықтыны» анықтады. Кіпең «сен тұр, мен атайын» деген саңлақтардың бәсекесі де тартысты етті. Әсіресе, жартылай финал мен ақтық сындағы белдесулердің орны ерекше біз үшін. Мұны іштеріңіз сезіп те отырған шығар. Шынын айту керек, біздің алтын алатын жөніміз бар еді. Өттең, Шалқарға сәттілік жолдас болмады.

Барлық кездесулерде қарсыластарын жаңғақша шағып, айқын басымдықпен жеңіске жеткен біздің жігіт ақтық сында да алқынған жоқ. Ап дегенде Тараздың алыбы Бейбіт Ыстыбаевты тамаша тәсіл қолдануының арқасында боз кілемде бір аунатып алып, жамбас ұпайға («бүк» әдісі) ие болған. Сонда мамандардың бәрі «Қожақылдың» (Шалқардың лақап аты) бұл қимылына сүйсіне қарап, қошемет білдірген-ді. Осы жинаған ұпайымен соңына дейін қарсыпасына алдырмай тырысып баққанда жеңіс біздің еншімізге жазылар еді. Амап нешік, белдесудің соңына таман тараздық бапуанға қарсы тағы да әдіс-айпа қолданбақ болған Шалқар ойламаған жерде сан соғып қала берді...

Дегенмен күміс те жаман емес. Былтырғы чемпион қызылордалық Ұлан Рысқұл сынды тарпандар жартылай финалда сүрініп жатқанда, екінші орынды жеңіп алу да екінші бірінің қолынан келетін шаруа дей алмайсыз. Сол сияқты жеңіс тұғырының үшінші сатысына көтерілген тағы бір жерлесіміз Айбек Нұғымаровтың жетістігін атап өткен абзал. Ол қола жүлде үшін болған белдесуде қарағандылық

«Кэмонтың» №1 құрастыру цехының жұмысымен танысқан Елбасыға кәсіпорын директоры Елена Беленцева зауыт тарихы 1949 жылдан бастау алатынын, 2004 жылдан бері заман ағымына сай акционерлік қоғам дәрежесін алғандығын, құрамында монтаждау, жобалау, қалыптау учаскелерінің бар екендігін баяндап берді.

Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ өндірістік цехтарды аралай келе, ұжымның алдағы жоспарларын, даму перспективаларын, дайын өнімдердің қайда жөнелтілетінін сұрастырып білді. Қазіргі кезде кәсіпорын еліміздегі ірі ұлттық компаниялармен серіктестікке, экономикалық тұрғыдан алғанда тиімді әрі жауапты тапсырыстар алып, орындауға дайын.

Мәліметтерге жүгінер болсақ, тауарлы өнім өндірісі 2011 жылы 9 700 миллион теңгені құраған. Үстіміздегі жылы бұл көрсеткішті 10 000 миллион теңгеге дейін жеткізу жоспарлануда. Кәсіпорындағы 600-ге тақау жұмысшылардың орташа айлық ақысы 145 мың теңгенің айналасында. Сонымен қатар кәсіпорынның Ресей Федерациясында ашылған өкілдігі де бар. Елена Беленцеваның айтуынша, зауыттың дайын өнімдері географиясы жағынан апар болсақ, еліміздің барлық өңірлерін айтпағанда, көрші Ресейдің бас қаласы Мәскеуден бастап, жиырмаға жуық ірі өндірістік қалаларын, сонымен қатар Қырғызстанды, Моңғолияны қамтамасыз етіп тұр.

– Біз экспортқа бәсекеге қабілетті өнімдер шығарумен айналысатын осындай кәсіпорындарды көптеп ашуға тиіспіз. Сіздердің кәсіпорындарыңыз Шығыс Қазақстанды индустриялды аймақ ретінде әйгілей түседі. Өңірде индустриялды бағдарламаларға үлкен кеңіл белінуде. Мұнда тек түсті металлургия ғана емес, уран өндірісі, машина жасау, ауыл шаруашылығы салалары қарқынды дамып келеді. Облыстың экономикалық әлеуеті жыл сайын 30 пайызға артып келеді. Сонымен бірге әлеуметтік салаға кеңінен мән беріліп отырғаны қуантады. – деді Президент Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ. – Сіздерде балабақшамен қамтамасыз ету мәселесі де жоғары деңгейде, 92 пайызды құрайды. Тұрғын үй құрылысы, шаһар шаруашылығы салалары да жақсы дамып келеді. Сіздерге тек сәттілік тілеймін.

«Кэмонт» акционерлік қоғамында болғанында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВПЕН бірге Үкімет мүшелері, Шығыс Қазақстан облысының Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ және басқа да ресми тұлғалар бірге жүрді.

**Мейрамтай Иманғали,  
Дәурен Аллабергенұлы**